



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.01.2016ж. 22

Астана қаласы

город Астана

**«Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттаманы (бұдан әрі - «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелер туралы» Хаттама) іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін әкету кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес тауарларға ілеспе құжат ретінде электрондық шот-фактуралардың, тауарларға декларацияның, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің көшірмелерін растау туралы өтініштерді қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының басшылары (бұдан әрі – Комитет), осы бұйрықтың бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін.

3. «Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы» Комитеттің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 772 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Салықтық бақылау департаментінің директоры Е.Қ. Нұрланбаевқа жүктелсін.

5. Комитеттің Даму және жаңғарту департаментінің Ұйымдастыру-қаржы басқармасы (Н.В. Стрельцова) осы бұйрықты Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 2016 жылғы 11 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға таралады.

**Қазақстан Республикасы**  
**Қаржы министрлігі**  
**Мемлекеттік кірістер комитетінің**  
**Төрағасы**



**Д. Ерғожин**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Төрағасының 2016 жылғы  
«\_\_» қаңтардағы №\_\_ бұйрығына  
1-қосымша

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына  
Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін  
әкету кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті**

**2. Жалпы ережелер**

1. Осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін әкету кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті (бұдан әрі – Регламент) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) кодын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан келесі тауарларды әкету құқықтылығын растау жөніндегі мемлекеттік кірістер органдарының лауазымдық тұлғаларының іс-қимыл тәртібін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлар тізбесіне енгізілген (бұдан әрі – Тізбеге енгізілген тауарлар), оларға төмендетілген баждардың мөлшерлемелері, сондай-ақ осындай мөлшерлемелердің мөлшерлері қолданылатын:

- 1) үшінші елден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген;
- 2) ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген;
- 4) «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттама күшіне енгенге дейін үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың атауын белгілейді.

2. Осы Регламентте пайдаланылатын түсініктер мен қысқартулар:

- 1) Хаттама - «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелер туралы» Хаттама;
- 2) 1-топтағы тауарлар – бұрын үшінші елдердің аумақтарынан әкелінген Тізбеге енгізілген тауарлар;
- 3) 2-топтағы тауарлар – ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген Тізбеге енгізілген тауарлар;

4) 3-топтағы тауарлар – Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген Тізбеге енгізілген тауарлар;

5) 4-топтағы тауарлар - «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттама күшіне енгенге дейін үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген Тізбеге енгізілген тауарлар;

6) баждың төмендетілген мөлшерлемелері – ең жоғарғы деңгейде белгіленген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің қолданыстағы әкелінгенге салынатын кедендік баждар мөлшерлемесімен салыстырғанда, Дүниежүзілік сауда ұйымындағы Қазақстан Республикасының міндеттемесінде көзделген әкелінгенге салынатын кедендік баждар мөлшерлемесі айтарлықтай төмен;

7) құжаттардың көшірмелері – көшірмелер (қағаз жеткізгіште):

«Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесінде тіркелінген электрондық шот-фактуралар;

кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелінген тауарларға декларациялар;

салық есептілігін өңдеу жүйесінде тіркелінген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер;

8) Өтініш - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен белгіленген нысан бойынша тауарларға декларациялар мен электрондық шот-фактуралар көшірмелерін тауарларға ілеспе құжат ретінде растау туралы өтініш;

9) МКО – электрондық шот-фактуралардың, тауарларға декларациялардың, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің көшірмелерін тауарларға ілеспе құжат ретінде растау туралы өтініштерді қаубылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы;

10) журнал – осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МКО түскен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің, тауарларға декларациялардың, электрондық шот-фактуралардың көшірмелерін тауарларға ілеспе құжат ретінде растау туралы өтініштерді тіркеу журналы;

11) Комитет – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;

12) ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ;

13) БЭҚАЖ – Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі;

14) БДҚ – «Бірыңғай деректеме қоймасы» ақпараттық жүйесі;

15) ЖСӘБ – жанама салықтарды әкімшілендіру функциясы кіретін бөлімше;

16) КБТ – кедендік бірыңғай тариф;

17) Нұсқаулық - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

18) ТС-1 – тауарлардың шығарылған жері туралы сертификатты беруді жүзеге айналдыратын уәкілетті органмен берілетін тауарлардың шығарылған жері туралы сертификат (ТС-1 нысаны);

19) Әкелу туралы өтініш – Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген 328.00-нысаны бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;

20) ЭШФ құжат айналымының қағидасы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 77 бұйрығымен бекітілген электрондық нысанда жазылатын шот-фактуралардың құжат айналымының қағидасы;

21) ХҚР АЖ – «Хабарламаны қою режимі» ақпараттық жүйесі.

3. Экспортушылармен (не олардың сенім хаты бойынша) МКО тапсырған өтініштер МКО кеңсесінде БЭҚАЖ-да тіркеледі, бұл ретте ЖСӘБ жауапты орындаушы болып табылады.

4. БЭҚАЖ-де тіркелген өтініштер, журналда одан әрі тіркеу және олармен 1-5-бағанды толтыру үшін журналды жүргізуге кеңсенің жауапты уәкілетті тұлғасына (бұдан әрі – кеңсенің уәкілетті тұлғасы) беріледі.

5. ЖСӘБ басшысы БЭҚАЖ бойынша ЖСӘБ уәкілетті тұлғасына жүргізу туралы бұрыштамада көрсете отырып:

1) салықтық тексеруге – салықтық тексеруді жүргізу туралы өтініштерін тапсырған жағдайда;

2) камералдық талдауға – өзге жағдайларда, құжатты жолдайды.

6. ЖСӘБ басшысы кеңсенің уәкілетті тұлғасынан қолма-қол қағаз жүзіндегі өтінішті және ТС-1 және БЭҚАЖ бойынша түскен құжаттардың көшірмелерін әр 60 минут сайын алып тұрады. Бұл ретте, ЖСӘБ басшысы журналдың 6 – 12-бағандарын толтырады.

7. ЖСӘБ уәкілетті тұлғасы тапсырылған құжаттарды растау мақсатында, оның ішінде осы Регламенттің 8 – 10-тармақтарын есепке ала отырып, камералдық талдау жүргізеді.

8. 1 және 2-топтың тауарлары бойынша камералдық талдау жүргізу кезінде, мынадай әрекеттер орындалуға жатады:

1) БДҚ тиісті электрондық шот-фактураларды шығаруды іске асыру, оның ішінде:

растау үшін ұсынылған ЭШФ;

растау үшін ұсынылған ЭШФ-да көрсетілген тауарларға декларацияның нөмірі қойылған G бөлімінің 14-бағанындағы ЭШФ;

растау үшін ұсынылған ЭШФ көрсетілген Әкелу туралы өтініштің нөмірі қойылған G бөлімінің 14-бағанындағы ЭШФ;

осы тармақшада көрсетілген ЭШФ тіркелген нөмірі қойылған 35-қатарда ЭШФ «Қосымша мәліметтер» 1-бөлімінің ЭШФ;

2) растау үшін тапсырған ЭШФ көрсетілген ТД болуын тексеру, сондай-ақ онда ЕАЭО КБТ мөлшерлемесі бойынша кедендік баждардың төлемін айқындайтын «0» белгісін қою;

3) растау үшін тапсырған ЭШФ көрсетілген Әкелу туралы өтініштің болуын, сондай-ақ олар бойынша жанама салықтарды төлеу фактісін растау БДҚ болуы;

4) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, оның ішінде көрсету бөлігінде:

ЕАЭО КБТ мөлшерлемесі бойынша кедендік баждардың төлемін растайтын «КБТ» белгісінің «қосымша мәліметтері» 12-қатарда;

ЕАЭО мүше мемлекеттердің әріппе кодының «Қосымша мәліметтер» 20-қатарында болжаммен, аумағына 1 және 2-топтың тауарын әкету;

5) сәйкестілігін тексеру:

ТД көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН коды тауардың атауы (ТД тауардың реттік нөмірі бойынша) растау үшін тапсырған ЭШФ G бөлімінің 2, 3, 14-бағандарында көрсетілген мәліметтерге;

растау үшін тапсырған ЭШФ G бөлімінің 2, 3, 14-бағандарында көрсетілген Әкелу мәліметтері туралы өтінішінде көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН кодының тауар атауы;

6) 1 және 2-топтардың тауарларын өткізу тізбекшесін шығарылған ЭШФ бойынша құрастыру (сәйкесінше);

7) растау үшін тапсырған ЭШФ жазған күніне 1 және 2-топтың (сәйкесінше) тауарларының қалдықтарын Қазақстанның ішінде және оның тысқары жерлерде өткізуін есепке алғанда, оның ішінде бұрын расталған ЭШФ бойынша БДҚ – ХҚР АЖ кіші режиміндегі мәліметтер бойынша анықтау (бұдан әрі – камералдық талдау бойынша тауарлардың қалдығы);

8) растау рәсімін жүргізу үшін камералдық талдау бойынша тауарлардың қалдығы, онда көрсетілген тауарлардың санынан аспайтын ЭШФ анықтау.

9. 3-топтың тауарлары бойынша камералдық талдау жүргізу кезінде, мынадай әрекеттерді орындау қажет:

1) растау үшін тапсырылған ЭШФ БДҚ шығаруды іске асыру;

2) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың өндірілгенін растайтын «ТС-1» белгісін «Қосымша мәліметтердің» 12-бағанында көрсету бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

3) растау рәсімін жүргізу үшін берілген сертификаттың ашықтығы туралы ТС-1 беруді жүзеге асырған органнан түскен мәліметтер бойынша ЭШФ анықтау.

10. 4-топтағы тауарлар бойынша камералдық талдау жүргізу кезінде, мынадай әрекеттер орындалуға жатады:

1) растау үшін тапсырылған ЭШФ БДҚ шығаруды іске асыру;  
2) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың өндірілгенін растайтын «ТС-1» белгісін «Қосымша мәліметтердің» 12-бағанында көрсету бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

3) растау рәсімін жүргізу үшін ЭШФ жүргізілген салықтық тексерудің нәтижесін есепке ала отырып, анықтау.

11. Растау рәсімін жүргізу бөлігінде ЖСӘБ-ның уәкілетті тұлғасы:

1) тауарлардың топтар бөлігінде БДҚ – ХҚР АЖ кіші режимінде растауға жататын ЭШФ бойынша мәліметтерді енгізуге:

1-топтың тауарлары бойынша, оның ішінде ТД бойынша мәліметтерді көрсете отырып;

2-топтың тауарлары бойынша, оның ішінде Әкету туралы өтініш бойынша мәліметтерді көрсете отырып;

3-топтың тауарлары бойынша, оның ішінде ТС-1 бойынша мәліметтерді көрсете отырып;

4 топтың тауарлары бойынша, оның ішінде салықтық тексеру актілерінің мәліметтерін көрсете отырып;

2) растауға жататын құжаттардың көшірмелерін БДҚ – ХҚР АЖ кіші режимінде қалыптастырылған бірегейлі нөмірлерді қоюға;

3) енгізілген мәліметтерді ЖСӘБ басшысымен келісу және БДҚ – ХҚР АЖ кіші режимінде функционал арқылы МКО басшысымен оларды бекітуге;

4) құжаттардың көшірмелеріне МКО басшысының қолын қойдыруға;

5) МКО басшысының қолы қойылған құжаттардың көшірмелеріне елтаңба мөрін басуға;

6) Нұсқаулыққа сәйкес құжаттардың көшірмелеріне, ілеспе тауарлар құжаты ретінде растаудан бас тартуды ресімдеуге (Бас тарту);

7) қоса тіркелген сканерленген бас тартудың көшірмелерін осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің мекенжайына (бұдан әрі – Өтініш берушіге жауап) МКО фирмалық бланкісіндегі хатпен жіберіліп БЭҚАЖ-де тіркеуге;

8) кеңседегі уәкілетті тұлғаның журналындағы 13 – 21-бағандарды толтыра отырып, расталған қоса тіркелген құжаттармен жауап Өтініш берушіге қолма-қол беруге міндетті.

12. Кеңседегі уәкілетті тұлға журналдың 22 – 32-бағандарын толтыра отырып, жауапты Өтініш берушіге қол қойғызып табыс етуді жүзеге асырады.

13. Құжаттардың көшірмелерін растау Нұсқаулықта айқындалған мерзімде жүргізіледі.

14. Барлық қаралған өтініштер, сондай-ақ Өтініш берушіге жауаптар әр өтініш беруші бойынша қалыптастырылған және ЖСӘБ-ның сақталатын іс қағаз папкісінде (бұдан әрі – Құжаттама) тігіледі.

15. Өтініш берушінің тұрған орны өзгерген жағдайда, Құжаттама салық төлеушінің тұрған орны бойынша, тұрған орны өзгерген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде тапсырысты хатпен МКО-ға жіберіледі.





Еуразиялық экономикалық одаққа  
мүше мемлекеттердің аумағына  
Қазақстан Республикасының  
аумағынан тауарлардың жекелеген  
түрлерін әкету кезіндегі тауарларға  
ілеспе құжаттарды растау регламентіне  
2-қосымша

Салық төлеушінің Т.А.Ә. (атауы)  
ЖСН (БСН) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекенжайы

\_\_\_\_\_ мемлекеттік органның атауы

Өтініштің атауы

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ өтінішті қарап шығып, қоса тіркелген мына құжаттардың ілеспе тауарлар құжаттары ретінде расталғандығын хабарлайды:

а) ЭШФ:

№	ЭШФ тіркеу нөмірі	БДҚ-ХҚР АЖ кіші режимінде бірегейлі тіркеу нөмірі
1		
2		

б) басқа құжаттар (Әкелу туралы өтініш, ТД):

№	Құжаттың көшірме түрі (Әкелу туралы өтініш, ТД)	Құжатты тіркеу нөмірі
1		
2		
...		

Сондай-ақ, тауарға арналған декларацияның, электрондық шот-фактуралардың және (немесе) тауарларды әкелу мен жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде куәландырудан бас тартуды қоса жолдап отыр.

Қосымша \_\_ парақта.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Төрағасының 2016 жылғы  
«\_\_» қаңтардағы №\_\_ бұйрығына  
2-қосымша

**Тауарға арналған декларацияның, электрондық шот-фактуралардың  
және (немесе) тауарларды әкелу мен жанама салықтарды төлеу  
туралы өтініштердің көшірмелерін тауарға ілеспе құжат  
ретінде растауды жүзеге асыратын аумақтық  
мемлекеттік кірістер органдарының тізімі**

1. Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
2. Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
3. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
4. Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
5. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
6. Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
7. Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
8. Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
9. Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
10. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
11. Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
12. Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
13. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
14. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
15. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
16. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті;
17. Шығыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Семей қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;
18. Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.